

Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 48 (959) 3 қараша 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



<http://tainshatany.kz>



tainsha_tan@list.ru

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасының орнықты дамуының негізгі мақсаттарының ішінде денсаулықты қорғауға және өндірістегі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бақылауды күшейтуге ерекше назар аударылады. ҚР Еңбек кодексінің 182-1-бабы қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерінің сақталуын, сондай-ақ олардың еңбек қызметіне байланысты тәуекелдердің алдын алуды қамтамасыз ете отырып, қабылдаушы және жіберуші тараптар арасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қатынастарды реттейді.

ҚР Еңбек кодексінің 1-бабы 1-тармағы 52-1) тармақшасына сәйкес қабылдаушы тарап - персоналды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шартқа сәйкес жіберуші тараптың қызметкерлерін жұмысқа тартатын жеке немесе заңды тұлға, жеке кәсіпкер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалығы. Еңбек заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес қабылдаушы тараптың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері, оның арасында персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасу кезінде жіберуші тараптың еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау нәтижелерін ұсыну белгіленген. Өндірістік нысандардағы еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері ұсынылмаған жағдайда қабылдаушы тарап жіберуші тарапқа персоналды ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасасуға тыйым салынады. Сондай-ақ, жіберуші тараптың жұмыскерлері үшін жұмыс орындарында тәуекелдерді болдырмау; жіберуші тараптың жұмыскерлеріне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқама жүргізу; жіберуші тараптың жұмыскерлері үшін санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау; 18 жасқа толмаған жұмыскерлер үшін ауыр заттарды тасымалдау және жылжитыу жөніндегі шекті нормаларды сақтау; көтерудің шекті нормаларын сақтау және әйелдер үшін ауыр заттарды ауыстыру; апаттар мен травматикалық факторлардың алдын алу бойынша шұғыл шаралар қабылдау; жіберуші тарап қызметкерлерінің жазатайым оқиғалары мен кәсіптік ауруларын талдау; жіберуші тарапмен бірлесіп, қызметкерлердің еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру; заңнамада көзделген жағдайларда жіберуші тарап қызметкерлерін жұмыстан шеттету жөнінде шаралар қабылдау бойынша міндеттер белгіленді. Бұл ретте, жіберуші тарап ҚР Еңбек кодексінің 137-1-бабына сәйкес персонал ұсыну бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін сақтауы тиіс. Еңбек заңнамасының осы талаптарын орындамау салдарынан жазатайым оқиға болуы мүмкін. Өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептерін талдау негізгі себептер ұйымдық себептер екенін көрсетеді, олар толығымен кәсіпорындағы еңбекті ұйымдастыру деңгейіне байланысты болады. Еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша Сіз Петропавл қаласы, Абай көшесі, 64, "СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы" КММ мекенжайына жүгіне аласыз. Байланыс телефондары 46-01-94, 36-17-86, 46-37-73, 50-33-42. Басқарманың inf.git@sco.gov.kz ресми интернет-ресурсы жұмыс істейді.

Г.М. МЫРЗАҚАНОВА,

«СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ мемлекеттік еңбек инспекторы.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР, КӨКТАЙҒАҚ!

Аудан тұрғындарын күн суытып, қар жауып, көктайғақ болуына байланысты жолда абай болу керектігін ескертеміз.

Құрметті жүргізушілер, жол қозғалысы ережелерін сақтаңыздар, ауа-райының қиын жағдайларында өте мұқият және сақ болыңыздар. Жылдамдық режимін, қашықтықты сақтауға, жол белгілерінің талаптарын орындауға және күрт тежелу мен тоқтауды болдырмауға, қысқы кезеңде тозған және жазғы резеңкеде жүруге жол бермеуге ерекше назар аударыңыздар. Жол-көлік оқиғалары мен құлаудың алдын алу үшін, жаяу жүргенде өте мұқият және сақ болыңыздар!

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

АДАМ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Қазан айының 28 жұлдызында Қарағандыдағы Костенко атындағы шахтада жарылыс болып, 46 кенші қаза тапты. Елімізде қыршын кеткен есіл ерлерді еске алып, жексенбіде жалпыұлттық аза тұту күні болды. Бұл - ел тарихындағы ең ірі өндірістік апат.

Жеті қат жердің астында еңбек ететін кеншілер жұмысы қашан да қауіпті. Соған сай кәсіпорын басшылығы үнемі еңбек және техника қауіпсіздігін сақтап, жұмысшылардың өмірін бірінші кезекке қоюы тиіс. Алайда «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы соңғы 30 жыл бойы ережелерді елемей келген. Мұндай жауапсыздықтың салдары қарапайым халыққа ауыр соғып отыр. Тарихқа шегініс жасасақ, үнділік азамат, әлемге әйгілі олигарх Лакшми Миттал 1995 жылы Қарағандыдағы металлургия комбинатын 225 млн АҚШ долларына сатып алған. Соның негізінде «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы құрылды. Жаңа кәсіпорын іске қосылған жылы Ленин атындағы кеніште метан жарылып, 13 кенші опат болды. Араға үш жыл салып тағы да осы шахтада тау-кен массасы мен газ жарылып, бір адамның өмірін жалмады. Бір жылдан соң дәл осы шахтадағы жарылыстан үш шахтер қаза тапты. 2004 жылы «Шахтинская» кенішіндегі жарылыстан 23, ал 2006 жылы Ленин шахтасындағы апаттың салдарынан 43 азамат көз жұмды. Бірақ осындай ірі апаттардан да ешкім сабақ алған жоқ. Кейін, 2008, 2017, 2021, 2022 жылдары да шахталардағы өрттің салдарынан кеншілер өмірден озды. Осыдан екі ай бұрын ғана «Қазақстан» шахтасында қайғылы жағдай орын алып, бес шахтердің қаза тапқанын елі ұмыта қойған жоқ емес пе... Жалпы, кәсіпорын жұмысын бастағалы 160-тан астам шахтер қызмет орнында қаза тапты. Енді, міне, Костенко атындағы шахтада тағы да ірі апат болып, 46 кеншінің өмірі үзілді. Бұл қайғылы оқиғалардың барлығы қауіпсіздік жүйесінің болмауы, техникалардың әбден тозуы, басшылық тарапынан жұмыстың дұрыс жүргізілмеуі салдарынан орын алып отыр. Бұл жолғы жарылыс 700-800 метр тереңдікте болып, оның толқыны екі шақырымға дейін жеткен. Апат орын алған кезде шахтада болған 252 кеншінің 206-сы дер кезінде шығып үлгерді. Ал 46 жұмысшы жер астында қалып қойды. Алдын ала болжам бойынша, оқыс оқиғаға көмір оятын орыннан өрттің шығуы себеп болған. Құтқару жұмыстары күшейтілген режимде жүргізіліп, бүгінде 46 адамның денесі табылды. Электр қуаты желілерінің зақымдануы мен тау-кен учаскелерінің ұзын болуы, көптеген механизм мен құралдың қирауы, кейбір учаскелерді су басуы жағдайды одан әрі қиындатып отыр. Іздестіру-құтқару жұмыстарына барлығы «Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы» ЖШС-і Қарағанды филиалының 55 тау-кен құтқарушысы және 15 техникасы жұмылдырылды. Ал жердің үстіне шығып үлгерген азаматтар облыстағы емдеу мекемелеріне жеткізіліп, ауруханаға жатқызылды. Олар қазір жеңіл және орташа дәрежеде ұланған кеншілер.. Енді күнделікті дәрігерлер оларға барлық ем-домды жасауда. Сонымен қатар, дәрігерлер, психологтар мен апаттық құтқару бөлімінің мамандары кеніште жақындарына қатысты хабар күтіп отырған кеншілердің туған-туыстарына да барынша көмек көрсетуде.

Сенбі күні қайғылы жағдай орын алған соң Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірден Қарағандыға барып, қаза болған кеншілердің жақындарымен жүздесіп, оларға толыққанды көмек көрсетілетінін де жеткізді.

– Мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, соның ішінде зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетеміз. Қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі үшін Үкімет, әкімдік және қайырымдылық ұйымдарының алдында жан-жақты көмек көрсету міндеті тұр. Егер қажет болса, арнайы қор ашамыз. Мұнымен өзім айналысамын, – деді Президент. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың айтуынша, қаза тапқан

кеншілердің отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты жұрдамақы тағайындалады. Ол республикалық бюджеттен, әлеуметтік сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан төленеді.

– Жұрдамақы көлемінің жалпы орташа мөлшері асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400-500 мың теңгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болса, онда 23 жасқа дейін төленеді. Әзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем тәуекелдерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс, – деді Светлана Жақыпова. Сонымен қатар, компания қаражаты есебінен отбасыларға баспана беріліп, моральдық зиян үшін 10 жылдық жалақы мөлшерінде біржолғы төлем аударылады. Балаларының жоғары оқу орнындағы ақысын өтеп, балалары мен жұбайларын жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі. Несиелерін өтеп, отбасыларына курортқа жолдама беріледі. Жыл сайын көмір үлестіріледі.

Кеншілердің отбасыларына материалдық қолдау жасалып, көмектің көрсетілуі дұрыс-ақ. Бірақ, оның барлығы әр отбасындағы азаматтарының орнын толтыра алмайтыны шындық...

Шахтада жарылыс болғаннан кейін Президент бірден «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтатуды тапсырды. Үкімет компанияның акционерлерімен алдын ала уағдаластық жасалып, кәсіпорынның меншік құқығын Қазақстанның пайдасына беру туралы келісімшарт ресімделіп жатқанын хабарлады. Соңғы күндері кейбір әлеуметтік желілерде шахталар тағы да шетелдік инвесторлардың басқаруына беріледі деген сипаттағы алып-қашпа әңгімелердің тарағаны бар. Мұның барлығы шындыққа жанаспайды. Алдағы уақытта компанияны басқару иелігін мемлекет өз қолына алады.

– Мен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма бердім. Бұл мекеме Үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлануымыз керек. Бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген, қазір облыс әкімінің орынбасары Вадим Борисович Басин деген азамат бар. Мен оған қайтып келіп, кәсіпорынды басқаруды тапсырамын. Кәсіпорынның қазіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейді, – деді Қ.Тоқаев. Өз кезегінде Вадим Басин бірінші кезекте еңбек қауіпсіздігін арттыруға назар аударылатынын атап өтті. Қызметкерлермен жасалған жұмыс шарттары, төлемдер мен әлеуметтік кепілдіктерде ешқандай өзгерістер болмайтынын да алға тартты.

– Бұл бағыттағы жұмыстарды жақсарту тұрғысынан ғана жағдайлар қайта қаралады. Бұл – компанияның әрі қарай жұмыс істеуі және әлеуметтік жауапты болуы үшін қажетті шарт. Ұжымның бірде-бір мүшесі жұмыстан шығарылмайды, ұжымның бірде-бір мүшесінің құқығы төмендетілмейді, – деді В.Басин. Қарағандыдағы қайғылы жағдай күллі қазақ халқының қабырғасын қайыстырғаны рас. Өзге елдің басшылары да қайғыға ортақ екенін білдіріп, жеделхаттар жолдауда. Кеншілердің өміріне кепіл бола алмаған компанияның басшылығына туған-туыстары мен жұртшылықтың өкпе-назы да бар. Ендігі бір үміт – кеншілердің қайтадан мемлекетке беріліп, мұндағы жағдайдың дұрысталуы. Иә, осыншама жауапсыздықтың зардабы өте ауыр. Шынымен де бұл – қасірет. Өмірдегі басты байлығымыз – адамдар. Ендеше, әрбір жұмыс орындарында адам өмірін, жұмыс орынындағы қауіпсіздігін сақтау – әр башының негізгі міндеті екенін ұмытпайық.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

КӨКТАЙҒАҚТА 63 АДАМ ЖАРАҚАТ АЛДЫ

Петропавлда соңғы үш күнде жарақат алғандарды саны артты. Қалалық көпбейінді аурухананың травматология бөліміне осы аралықта 180 адам қаралған, әр үшіншісі далада тайып құлап жарақаттанған.

Ауа райының өзгеруіне байланысты соңғы үш күнде көшеде құлап, жарақаттанғандардың саны өсті. Сенбіден бастап осы күнге дейін Петропавлдағы көпбейінді аурухананың жарақат пунктіне 180 адам келген. Оның 63-і көктайғақтың салдарынан зардап шеккен. Басым бөлігі — егде және орта жастағылар. «Негізінен қолдың басы, білезік сүйектері, жіліншік сынған. Иықтары шығып кеткен. Соңғы түскендерді

ауруханаға жатқыздық, олардың жіліншіктері сынып, табан сүйектері шығып кеткен. Сырқаттарға ота жасалды. Тағы біреуінің жамбасы сынған», — дейді травматологиялық пункттің меңгерушісі Валерий Грибашов. Қалғандарына алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, гипс салынып, амбулаторлық ем алуға үйлеріне жіберілді. Олар енді алдағы 1-1,5 айды үйде өткізеді. «Көктайғақ болғандықтан сақтық шараларын ұстану қажеттігін көпшілік естен шығарады. Әдеттегідей асығады. Бірі жұмысқа кешігем деп, енді бірі автобусқа асыққан.

Ақерке Дәуренбекқызы, «Солтүстік Қазақстан».

2024 ЖЫЛЫ БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ БОЛМАЙДЫ

Келесі жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) алынып тасталады деген сыбысты ести сала, анығын білу үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына хабарласып, «МӘМС-ке жарнаны қалай төлейміз?» деп сұрайтын азаматтар жетерлік. Шынымен де 2024 жылы бұл төлем түрі болмай ма? Болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар МӘМС төлемдерін қалай төлейді? Бұл медициналық сақтандыру қорының шешімі ме?

БЖТ қашан және қандай мақсатпен енгізілді?

Бірыңғай жиынтық төлемін алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 5 жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген еді әрі оны тек басқа жеке тұлғаларға жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен аспаса төлей алады. Басқа жағдайда бұл төлемді пайдалануға болмайды. Алайда бұл норманы жұмыссыз әрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер пайдаланып келеді.

• Бірыңғай жиынтық төлем республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемін және басқа елді мекендердің азаматтары үшін 0,5 АЕК құрайды. Яғни, биыл БЖТ мөлшері тиісінше 3 450 теңге және 1725 теңге.

Бірыңғай жиынтық төлем төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы өзін өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмайды. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай жиынтық төлемнің бір айын уақытылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек.

«Бірыңғай жиынтық төлемнің негізгі және жалғыз мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту. Сондықтан бұл төлемдері төмен жеңілдік кезеңі болды. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұрын кәсібин тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе жалдамалы қызметкер болып жұмыс істеуі керек», – деді Дамир Көбжасаров.

Келесі жылы басқа төлем түрі енгізіле ме?

БЖТ төлеген азаматтар әрі қарай дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3500 теңге). Осы жерде ескеретін жайт, азаматтардың сақтандырылған мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс. Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады. Ал толық 12 айға төлем жасалмаса, мысалы ағымдағы жылы 7 айға төлемі болса, азаматтар төленбеген 5 айға дербес төлеуші ретінде әр айға 3500 теңгеден төлеп шыға алады. Келесі жылдан бастап ай сайын жарна төлей береді. Ал ағымдағы жылы 3-4 айға БЖТ төлеген адамдарға алдағы 12 айға төлем жасап, 1 жылға алдын ала сақтандырылған мәртебесін алған тиімді.

Тұрақты табысы жоқ ауыл тұрғындарының МӘМС жүйесінен тыс қалу қаупі бар. Қазір осыған байланысты ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Статистикалық деректер бойынша 01.10.2023 жылға Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 15 692 БЖТ төлеуші бар.

Осыған байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұрғындармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және осы ақпаратты облыс тұрғындарына жеткізуді сұраймыз.

БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ



Осы мәселеге жергілікті атқару органдарын, алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) ұйымына қосылуды сұраймыз.

Әзірше, азаматтар алдағы жарты жылда БЖТ-ны төлей береді. 2024 жылы сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді.

Төлем Қазақстанның кез келген банкінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және «Қазпошта» бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірін, төлем жасалатын айды көрсету керек.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз:

- fms.kz ресми сайты,
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- Telegramдағы SaqtandyryuBot
- 1414 Бірыңғай байланыс орталығы

Сонымен қатар, "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалында азаматтарды қабылдау кабинеті ұйымдастырылғанын еске саламыз.

2023 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында СҚО бойынша филиалмен


3 178 адамға консультациялық кеңес көрсетілді, оның ішінде 574 адам азаматтарды қабылдау кабинетіне жеке өзі жүгінді. 2022 жылдың осы кезеңінде 3 028 консультация берілді, оның ішінде 493 адам жеке өтініш білдірді.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының мекенжайы Абай көшесі, 57. Телефондар: 8 (715)2-555165, 555164.

Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) журналдардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

Лариса ГОРДЕЕВА,
"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫ



Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді көрсету мемлекеттік органдар қызметінің маңызды және стратегиялық міндеті болып табылады. Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі барлық қызметтерді электронды форматқа көшіру болып табылады. Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік қызметтердің адам өмірінің барлық салаларын және бүкіл кезеңін қамтитындығымен түсіндіріледі. Жыл сайын мемлекеттік қызметтерге сұраныс артып келеді. Бұл салаға қызығушылықтың артуы оны заңнамалық деңгейде реттеу қажеттілігін тудырды, бұл мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш

беру тәртібін жеңілдету мақсатында көптеген мемлекеттік қызметтер «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы электрондық өтініш беру арқылы өтініштерді беруді қарастырады. Бұл функция ЭСҚ бар барлық Интернет пайдаланушыларына қолжетімді.

Қазіргі уақытта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

1) «Эпидемиология маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»

2) «Тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмірін беру»

3) «Қоршаған ортаға, санитариялық-қорғау аймақтарына және санитариялық-қорғау аймақтарына, шикізат пен өнімдерге зиянды заттар мен физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті шығарындылары мен рұқсат етілген шекті төгінділері туралы нормативтік құжаттардың жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

Мемлекеттік қызметтер электрондық форматта көрсетіледі, бұл өз кезегінде қызмет алушылардың мемлекеттік органдармен тікелей байланысын болдырмайды.

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы қызмет алуудың артықшылықтары: үкіметті органдардан құжаттарды жинаудың қажеті жоқ, кезек күтпеу, кез келген уақытта өтініш беру мүмкіндігі.

Халықты ақпараттандыру, олардың мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық сауаттылығын арттыру мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруда, заңнаманың бұзылуына жол бермеуде және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бірдей маңызды міндет болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты сұрақтар пайда болған жағдайда қосымша ақпарат алу үшін Тайынша қ., Почтовый бұр., 16 мекен жайы бойынша Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына немесе 8 (71536) 2-12-91 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Анастасия АРАКЕЛОВА,
«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы».

2023 жылғы қарашада аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	8 қараша «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	3 қараша Келлер а/о әкімдігі
3	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	6 қараша Мироновка а/о әкімдігі
4	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, «Gsk-Taynsha Astyk» ЖШС-нің директоры	7 қараша Яснополян а/о әкімдігі
5	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	8 қараша Теңдік а/о әкімдігі
6	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	10 қараша Амандық а/о әкімдігі
7	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	13 қараша Большеизюм а/о әкімдігі
8	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	14 қараша Чкалов а/о әкімдігі
9	Бауыржан Иманбайұлы Тасмағанбетов, аудандық мәслихаттың депутаты, «Агрофирма ЭксимНан» ЖШС-нің бас директоры	17 қараша Алабота а/о әкімдігі
10	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	27 қараша «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
11	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	28 қараша Летовочный а/о әкімдігі
12	Юрий Васильевич Красноголовый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	29 қараша Краснополян а/о әкімдігі
13	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	30 қараша «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Тәуелсіздік елімізге үлкен мүмкіндіктер есігін ашты. Сол мүмкіндіктердің ең басында мемлекеттік тіл тұрды. Ана тіліміздің мемлекеттік тіл статусының бекіп, кең көлемді, жалпыхалықтық көлданысқа енуі ел үшін мәртебелі қадамдардың бірі еді. Бұл ел мерейін өсірді, болашаққа деген сенімді нығайтты. Мемлекеттік мекемелерде қарапайым халыққа қазақ тілінде, мемлекеттік тілде қызмет көрсету аясын кеңейтті, іс қағаздарының басым бөлігін ана тілінде толтырып, ресми ақпараттарды да мемлекеттік тілде таратты. Жаңа ғасырдың, жаңа дәуірдің мол мүмкіндігінің мемлекеттік тілді ерекше құндылық, халықтың тыныс тіршілігі есебінде алдыңғы қатарға шығаруы Қазақстанда жас мемлекеттің мерейін арттырды. Халықаралық қатынастардағы қазақ тілінің орнын айшықтады. Бүгінгі таңда кез келген елдің Қазақстандағы дипломаттары халықтық мерекелерде қазақ тілінде үндеу жолдап, бас елшілердің өзі қазақ тілінде сөйлейтін болды. Мұның бәрі – тәуелсіздіктің нығайғанының көрінісі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты да замана үдерістерінен кейін қалмай, ана тілінің мәртебесін арттыруға өзіндік үлесін тигізіп жүр. Елдегі сот жүйесінде мемлекеттік тілдің беделі артты. Халықтың талап-өтініштері де көпшілігі мемлекеттік тілде. Жүйедегі игі-шаралардың да дерлігі қазақ тілінде өтеді. Тіпті, сандық технологиялар да мемлекеттік тілде «сөйледі». Онлайн форматтағы барлық тетіктерді пайдалану ана тілінде жүзеге асады. Бұл мемлекеттік тіл мәртебесінің қанатын кеңге жайып, жалпыхалықтық тілге айналғанының көрінісі.

Гүлдана ЕЛЕМЕСОВА,
Тайынша аудандық сотының бас маманы.

АУРУХАНАШІЛІК ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) анықтамасы бойынша ауруханаішілік инфекция (АИИ) - бұл науқасты ауруханаға жатқызу немесе емдеу мекемесіне бару нәтижесінде, сондай-ақ аурухана персоналды оның қызметін жүзеге асыруына байланысты, осы адамдардың стационарда болуы кезінде осы аурудың белгілері көрінетініне немесе көрінбейтініне қарамастан оған әсер ететін микробтық шығу тегі бар кез келген клиникалық айқын ауру.

Халыққа стоматологиялық көмек көрсету қазіргі уақытта медициналық қызметтің ең танымал түрлерінің бірі болып табылады. Стоматологиялық профилдегі мекемелерде АИИ-ның пайда болуына олардың бактериялық ластануының жоғары деңгейі ықпал етеді, өйткені іріңді-септикалық аурулардың өткір немесе созылмалы түрлерімен, вирустық гепатиттермен, АИТВ жұқтырған науқастармен ауыратын науқастар тіс дәрігерімен кездесуге түсуі мүмкін. Бұл жағдайда пациенттер басқа пациенттер үшін де, медициналық қызметкерлер үшін де инфекция көзі бола алады. Көбінесе стоматологиялық науқастар инфекция көзі ретінде пассивті екенін есте сақтаған жөн, яғни олар түшкірмейді, жөтелмейді, сондықтан қоршаған ортаға микробтарды белсенді түрде шығармайды.

Стоматологиядағы АИИ көздері пациенттердің аурулары және медициналық персоналдың ауруханаішілік инфекциясы болып бөлінеді. Ауруханаішілік инфекцияның берілу механизмдері бастапқы және қайталама болуы мүмкін. Ауруханаішілік инфекцияның пайда болуына ықпал ететін факторлар:

- егде жастағы және созылмалы аурулар;
 - иммунитеттің төмендеуі;
 - қатар жүретін аурулар (қант диабеті, созылмалы қабыну аурулары, жүрек-қан тамырлары патологиясы);
 - ауыз қуысының қанағаттанарлықсыз гигиенасы (терең кариес, пародонт ауруы);
 - кейбір дәрі-дәрмектерді ұзақ уақыт қолдану (кортикостероидтар, антибиотиктер, цитостатиктер).
- АИИ алдын алудың негізгі жолы - инфекцияның пайда болу тізбегін бұзу. Ауруханаішілік инфекцияның алдын алуда тек кешенді тәсіл ғана орын алады. Кешенді тәсілдің шаралары:
1. Санитарлық-гигиеналық талаптарды және дезинфекциялық-зарарсыздандыру режимін сақтау.
 2. Қызметкерлерді жұмысқа баруға рұқсат беру ережелерін сақтау. Қызметкерлер арасында бактерия тасымалдаушыларды анықтау. ылғалды дерматит, қол терісінің пиогендік немесе экземалық зақымдануы бар медицина қызметкерлері жұмыстан шеттетіледі.
 3. Жеке гигиена ережелерін сақтау және медициналық персоналдың жоғары санитарлық мәдениеті.
 4. Тосқауыл сақтық шараларын қолдану: әр науқасты қабылдағанға дейін және қабылдағаннан кейін қызметкерлердің қолантисепикасын қолдану. Жеке қорғаныс құралдарын қолдану: қолғап, жұмыс киімі, ауыстырылатын аяқ киім, бетперделер, қорғаныс экрандары және қауіпсіздік көзілдіргі (бетперделер мен қолғаптар әр пациенттен кейін ауыстырылады).

